

Аяғоз жапалықтары

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДЫҢ
4 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 47-48 (10941-10942)

30 қараша 2024 жыл

E-mail: ayagoz.zhanalyktary@mail.ru

МӘСЛИХАТТАРДЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ФОРУМ ӨТТІ



Елімізде 1993 жылы «Қазақстан Республикасының әкімшілік территориялық құрылымы туралы» және «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті және атқарушы органдары туралы» Заңдары қабылданып, жергілікті мемлекеттік органдардың құрылымына өзгерістер енді. Өкілетті органдар – мәслихаттар мен жергілікті атқарушы органдар – әкімдіктер мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары болып аталды. 1994 жылғы 7 наурызда Қазақстан Республикасында жергілікті өкілетті орган – бірінші шақырылым депутаттарының мәслихат-жиналыстарына сайлау өткізілгені белгілі болды. Міне, содан бері арада отыз жыл уақыт өтті. Осы жылдар аралығында мәслихат – еліміздің тұрақты дамуына елеулі үлес қосты деп айтуға толық негіз бар. Өйткені мәслихат аппараты – мемлекет пен қарапайым халықтың арасындағы өзара әрекеттесетін жалғыз өкілетті орган.

Мерейтойды мерекелеу аясында Абай облысының орталығы Семей қаласында Қазақстан Республикасы мәслихаттарының 30 жылдығына арналған облыстық форум өтті. Шараға 450-ден астам қатысушы жиналды. Олардың қатарында облыс әкімі Нұрлан Ұранбаев, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Қайрат Тастекеев пен Айнұр Арынбекова, «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» ҚБ төрағасы Төлеубек Мұқашев, облыстық мәслихат төрағасы Қуаныш Сүлейменов, сондай-ақ ардагерлер 1994-2024 жж. аралығындағы I-VIII шақырылымдағы мәслихат депутаттары, БАҚ өкілдері қатысты.

Форумда демократия мен жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтудағы мәслихаттардың рөлі зор екені атап өтілді.

«Мәслихаттардың құрылуы – еліміздің демократиялық дамуындағы маңызды белестерінің бірі. Халық пен билік арасындағы «алтын көпір» болған бұл мемлекеттік институт елдік мүдде жолында өзінің тиімділігін көрсетіп келеді. Абай елі қайта түлеп, еңсе көтергенде де, біздің депутаттық корпус өзінің саяси белсенділігі мен жауапкершілігін көрсете білді. Орайы келгенде, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлесін қосқан барша депутаттарға шынайы ризашылығым мен алғысымды білдіріп келеді», — деді өзінің құттықтау сөзінде облыс әкімі Нұрлан Ұранбаев.

Форум барысында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің, министрліктердің, сондай-ақ облыс әкімінің және облыс мәслихаты төрағасының Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары табысталды. Еліміздің дамуына елеулі үлес қосқан депутаттарға арнайы марапат – «Құрметті депутат» атағы берілді.

Атап айтсақ Аяғоз аудандық мәслихат депутаттары Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрі А.Балаеваның құрмет грамотасымен Дайырбаев Ермек Тұрсынұлы, ҚР Оқу-ағарту министрі Ғ.Бейсембаевтың құрмет грамотасымен Абуталипова Гүлнар Тұрсынқұлқызы, ҚР Ауыл шаруашылығы министрі А.Сапаровтың құрмет грамотасымен Хасенов Дәурен Уақасұлы, ҚР Энергетика министрі А.Сәтқалиевтің құрмет грамотасымен Галиев Рамазан Сәметұлы марапатталды.

Мәслихат депутаттарының арқасында еліміздің дамуымен халқымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайы да жақсара түсті. Сондықтан да әрбір шақырылымдағы мәслихаттар қоғамдағы күнделікті экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуде маңызды рөлге ие болып қала береді.

Халық сайлайтын әр түрлі деңгейдегі мәслихат депутаттары да жауапкершілік пен жаңашылдықты ұстана отырып, еліміздің одан әрі дамуы жолында тынымсыз еңбек ете беріңіздер деп тілек білдіреміз!

Арайлым Қажымұқанова

ОБЛЫС ӘКІМІ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЕҢБЕККЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ



Абай облысында ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің форумы өтіп, өңірдің агроөнеркәсіп кешенінің дамуы қорытындыланып, алдағы жылдарға жоба-жоспарлар белгіленді.

Жиында құттықтау сөз сөйлеген облыс әкімі Нұрлан Ұранбаев ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегінің арқасында өңірдің экономикалық тұрақтылығы мен әл-ауқаты артып келе жатқанын атап өтті.

«Абай облысы – экономикасының негізгі бөлігін аграрлық сектор құрайтын аймақтардың бірі. Агроөнеркәсіп саласында оң өзгерістер орын алып, өнім көлемі артты. Өндіріске жаңа технологиялар енгізіліп, тиімділікті арттыруға бағытталған қадамдар жасалуда. Бұл, әрине осы залда отырған, ата кәсіппен шұғылданатын өздеріңіздің еңбекқорлықтарыңыз бен жоғары кәсібиліктеріңіздің арқасында мүмкін болғанын ерекше атап өту қажет» деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі өңірдің ауыл шаруашылығы өнімдері ұсынылған көрмені тамашалады. Жалпы, биылғы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша облыс диқандары айтарлықтай табысқа жетті. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 335,9 млрд теңгені құрады. Мал шаруашылығында 110,7% өсім байқалды. Шаруалар мемлекет қолдауын сезініп келеді.

Биыл агроөнеркәсіп кешенін субсидиялауға 17,5 млрд теңге бөлініп, 2 мыңнан астам ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдауға мүмкіндік туды.

«Мал шаруашылығы саласындағы 10 айдың қорытындысы бойынша тірі салмақтағы барлық түрдегі ет және сүт өндірісінің өсуі тиісінше 102,8% және 102,6% құрады», — деді форумда облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ертай Қуанбаев.

Форум барысында облыстың ауыл шаруашылығы саласының үздік қызметкерлері мемлекеттік наградалармен марапатталды. Еңбегімен ерекше көзге түскендерге «Құрмет», III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордендері, «Ерен еңбегі үшін» медалі, сондай-ақ облыс басшылығы атынан Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар табысталды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес марапатталған:

ҚР Президентінің Жарлығымен «Құрмет» ордені, **Кусагова Сәуле Хасенқызы** - «Атасу» шаруа қожалығының жетекшісі, Аяғоз ауданы.

«Құрмет» ордені, **Ықыбаев Қадырбек Елубайұлы** - «Ықыбай» шаруа қожалығының жетекшісі, Ақсуат ауданы.

III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордені, **Андрейцев Александр Григорьевич** – «Труд» шаруа қожалығының механизаторы, Бородулиха ауданы.

III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордені, **Жұматай Сағдат Зақратұлы** – «Дінмұхамед» шаруа қожалығының жылқышысы, Абай ауданы.

«Ерен еңбегі үшін» медалі, **Ақылбаев Ерлан Құмарбекович** – «Елім-ай Көкпекті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің механизаторы, Көкпекті ауданы.

«Еңбек ардагері» медалімен, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталғандар:

«Еңбек ардагері» медалі, **Майер Владимир Александрович** - «Витязь» шаруа қожалығының жетекшісі, Бородулиха ауданы.

«Еңбек ардагері» медалі, **Ахмадиев Төлеукан Каукенович** - (жалғасы 2-бетте)

Құттықтаймыз!

Ақтаев Жанакелді Рымбаевичті 63 жас зейнеткерлікке шығуымен шын жүректен құттықтаймыз!



Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жанұяңызбен бірге қуанышты күндер мен бақытты сәттер тілейміз. Әрбір күніңіз шаттыққа, береке мен молшылыққа толы болсын!

63 жас мерей тойыңыз құтты болсын
Өміріңіз қызық, ғұмырыңыз ұзақ болсын.
Деніңіз сау, орындалсын арманыңыз,
Қуанышқа, құтқа толсын жан-жағыңыз.

Ізгі ниетпен: Малкелді ауылдық округінің әкімі және ауыл халқы

Құрметті Ахметжанов Талғатбек Жексембекулы! Сізді 63 жас зейнеткерлікке шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!



Сізді зейнеткерлікке шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбегіңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіз аз емес! Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, әр күніңіз шаттыққа толы болсын! Шаңырағыңызда шаттық, ырыс, ынтымақ, несібе, дәулетіңіз арта берсін! Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын!

Ізгі ниетпен: Ахметжановтар әулеті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Altyndytas" ЖШС " әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды М-44-121-(106-56-5), М-44-121-(10в-5а-1) блогы шегінде Байжан учаскесін барлау жоспарына" ықтимал №2532-ЕЛ лицензиясы бойынша 26.02. 2024 жылы қатты пайдалы қазбаларды барлауға Абай облысы".

Лицензияланған аумақтың географиялық координаттары: 1 нүкте СЕ 48°40'00"; ШБ 78°19'00"; 2 нүкте СЕ 48°40'00"; ШБ 78°21'00"; 3 нүкте СЕ 48°39'00"; ШБ 78°21'00"; 4 нүкте СЕ 48°39'00"; ШБ 78°19'00".

Қоғамдық тыңдаудың басталу күні, уақыты және орны: 09.01.2025 ж. сағат 15:00-де (жергілікті уақыт бойынша): Абай облысы, Аягөз ауданы, Малгелдин а. о., Қорық ауылы (Малгелді), Байготан би к-сі, 13 (әкімдік ғимараты), сондай-ақ бейнеконференцбайланыс арқылы (Zoom video бағдарламасының көмегімен Байланыс, конференция идентификаторы 933 171 2585, кіру коды: 3fQq2c.).

Жоба бойынша құжаттама БЭП-да орналастырылған <https://ecportal.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat> «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекен-жайда қабылданады: Семей қаласы, Тұрлыханов даңғылы, 30, «Абай ауданының табиғи ресурстар және табиғатты пайдаланудың реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8 (7222) 35 45 35, e-mail: uprirp_abai@akimatabai.gov.kz.

Қосымша ақпаратты жоба әзірлеуші «АлГеоРитм» ҒӨК ЖШС - info@algeoritm.kz, + 7 (7212) 25 23 45 тел. арқылы алуға болады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы — «Altyndytas» ЖШС, БСН 200440001407, кәсіпорынның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Республика даңғылы 42, 3- кеңсе. Тел.: + 7 (7212) 25 23 45.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Altyndytas» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по отчету о возможных воздействиях к «Плану разведки участка Байжан в пределах блока М-44-121-(106-56-5), М-44-121-(10в-5а-1) по лицензии №2532- ЕЛ от 26.02. 2024 года на разведку твердых полезных ископаемых Область Абай». Географические координаты лицензионной территории: 1 точка СШ 48°40'00"; ВД 78°19'00"; 2 точка СШ 48°40'00"; ВД 78°21'00"; 3 точка СШ 48°39'00"; ВД 78°21'00"; 4 точка СШ 48°39'00"; ВД 78°19'00".

Дата, время и место начала проведения общественных слушаний: 09.01.2025 г. в 15:00 (по местному времени) по адресу: область Абай, Аягөзский район, Малгелдинский с.о., с. Корык (Малгелды), ул. Байготан би, 13 (здание акимата), а также посредством видеоконференцсвязи (с помощью программы Zoom Video Communications, идентификатор конференции 933 171 2585, Код доступа: 3fQq2c.).

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecportal.kz> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>, в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются по адресу: г. Семей, пр. Турлыханова, 30, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», тел.: 8 (7222) 35 45 35, e-mail: uprirp_abai@akimatabai.gov.kz

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проектов:

ТОО НПК «АлГеоРитм» - info@algeoritm.kz, Тел.: + 7 (7212) 25 23 45
Инициатор намечаемой деятельности — ТОО «Altyndytas», БИН 200440001407, Юридический адрес предприятия: Республика Казахстан, Карагандинская обл., г. Караганда, пр. Республики 42 офис 3. Тел.: + 7 (7212) 25 23 45

Аяулы анамыз, ардақты әкеміз **ДӘМЕТ ИМАНДІЛДАҚЫЗЫНЫҢ** өмірден өткеніне 40 күн.




Анажан шаңыраққа болдың пана.
Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға
Амал не жоқсыз бүгін ортамызда
Сағындық, ана сізді баршамызда.
Қабірің асыл ана нұрға толсын.
Артыңдағы балаларың аман болсын.
Рухыңа дұға қылып еске аламыз
Жатқан жерің, жан ана жұмақ болсын.

Анамыздың 40 күндік асы:
6 желтоқсан, сағат 12:00-де, Өркен ауылы «Інжу» мейрамханасында беріледі.

Асқа: ағайын — туыс, құда — жекжат, дос — жаран, көршілерді және анамыздың көзін көрген барша жамағатты шақырамыз.

Сағына еске алушылар: балалары, немерелері, шөберелері.

Ардақты әкеміз **КЕНЖЕНОВ СӨРСЕНҒАЛИ ТЛЕУБЕРГЕНҰЛЫНЫҢ** өмірден өткеніне 40 күн.



40 күндік асы:
7 желтоқсан
2024 жыл, сағат
12:00-де «Мешіт қатымханасында» беріледі.

Асқа: туған — туыс, құда — жекжат, көршілерді, достарды, ұжымдастарды және әкеміздің көзін көрген барша жамағатты шақырамыз.

Ас берушілер: жұбайы, балалары, немерелері, туған — туыстары.

Еске алу

АЯУЛЫ АНАМ ИМАНДІЛДӘ ҚЫЗЫ ДӘМЕТТИ САҒЫНА ЕСКЕ АЛАМЫН

Күрең күз келіп, сарғайтты мына даламды,
Суықпа ең мұнша, тондыра тұғын адамды?
Шуаққа толы күн көзіменен бірге сен
Өкеттің менің аяулы, асыл анамды.

Биылғы күз жүрегімді жылаттың,
Көңілімде жауапсыз тұр сұрақ мың.
Білмеппін ау дәл осылай тым ауыр
Болатынын мәңгі айырылған сынақтың.

Қоңыр күрең күзге арттым өкпемді,
Аңсап қалдым балалық шақ өткенді.
Жаным жылап, жабырқаулы, құлазып
Анам еді ау жайнатар әр көктемді.

Сенбі күні, таңғы уақыт жолдамын,
Қоңырау келді, дірілдеп тұр қолдарым.
Анашымның ауырғанын естідім
Аман-есен көру болды арманым.

Абдырадым, жан-жағыма қарадым,
Қорқыныштан мөлдіреп тұр жанарым.
Ертесіне таңда шықтым анама
Ойға батып, қиналып мен барамын.

Тоқтамастан жүріп келед көлігім,
Бірақ маза табар емес көңілім.
Балам екеуміз анашыма асығып
Жеттік тілеп анама ұзақ өмірім.

Аурухана сондай суық көрінді,
Анам жатыр, жанардан жас төгілді.
Сөйлемейді, бірақ сезді барлығын
Қимай тұр ау біздер жүрген өмірді.

Кеудеңізге қойдым мама басымды,
Құшақтадым өзіңдей асылды.
Біздер жылап, қиналмасын деп ойлап
Жаным анам көз жасында жасырды.

Құлағыңа тақау келіп ақ мамам,
Бар сырымды бұрынғыдай ақтардым
Қасыңызда болдым беріп ас, суды
Қуанып ем, бөріне айтып мақтағам.

Жақсы болып келеді деп анашым,
Сезбеппін ау жазылмайтын жарасын.
Бой жаздың ба, жақсы болдың екі күн
Мәңгілікке кеттің дана, дара шың.

Дауысыңды аңсап келген шағымда,
Айналдың ау мама жетпес сағымға.
Алла тағы ғұмыр берші анама
Деп тілеп ем, болсыншы деп жанымда.

Ең соңғы күн, сақтадым нұр бейненді,
Анам сол сәт ерекше бір күйге енді.
Білмеппін ау сол бір күні ең соңғы
Екендігін сізді құшып, сүйгенді.

Айқайладым, өкіріп тұр өзегім,
Қалай, қалай бұл сынаққа төземін.
Сене алмаймын, неге дәл сол күні деп
Белгілеген сұм ажал бұл кезегін.

Бөлмеңізге кірдім сенбей ұрлана,
Жылаудамын, тұршы мама, тұр мама.
Естімейсіз, суық сондай денеңіз
Жатырсыз ғой әдемі боп, нұрлана.



Жансыз дене әкелдік ау ауылға,
Ауыр мұң бұл, Бірге өскен бауырға.

Сізді қара жерге берген күн ана
Жаңбыр жауып, қатты болды дауылда.

Табиғатта ұққандай бар дертімді,
Қатты желмен, далам да бір сілкінді.
Темірланның барам деуші ең тойына
Бұзғаның ба мамау осы сертіңді.

Жаз айында барған кезде жан анам,
Сырласып ек, сөзіңнен гүл тараған.
Тілім барда айтайын тәрбие
Толы сөздер айттың ақыл санадан.

Есімде ана сақтап өтем барлығын,
Сіз бар кезде жылуы мол таң нұрым.
Алғыс ана батаңыздың жемісі
Еш уайымсыз өтіп жатқан тағдырым.

Ойлау қиын бұл өлемде жоқтығын,
Күлімдеген кешегі анам жоқ бүгін.
Қара жердің тондырды ау ызғары
Алла анамның қабіріне төк нұрын.

Бөрі үшін бас иемін анашым,
Күннен күнге сағыныш боп барасың.
40 күнде зулап өтті өзіңіз
Не емдейді қызыңның бұл жарасын.

Жүрегімді тілгілеп тұр қайғы мұң,
Сағындым мен анашым ау, ай күнім.
Жанды қояр жер таба алмай қиналам
Ойлар болсам өткен күннің барлығын.

Ұл-қызына бар жақсыны әперді,
Жоқтатпады қайсар анам әкемді.
Кешірші ана артық сөйлеп абайсыз
Өкпелетсем, болса егер қатемді.

Керек сәтте бола алмасам қасыңда,
Мені ойлап төгілсе сәл жасыңда.
Бөрі үшін кешіріңіз ақ мамам
Тәрбиенің жемісі гүл бағымда.

Ұл-қызы үшін бар өмірін арнаған,
Артық сөзге, жат қылыққа бармаған.
Анам асыл, аналардың анасы
Ұрпағының бағын тілер Алладан.

Жан анам ау алғысымда көп менің,
Жанды қинар мына өмірден өткенің.
Жұмақтық бол, жарық болсын қабірің
Ардақты анам, қымбатты анам көктемім.
Сағынышым шексіз, шексіз көп менің.

Қызы Толқын

“Аягөз жаңалықтары” аудандық газеті” ЖШС

Директор - Бас редактор
Е.Дайырбаев

Мекен-жайымыз: Аягөз қаласы, Х.Дүісенов, 104.

Газеттегі авторлық пікірлер редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін



Телефондар:

Жауапты хатшы: 3-22-01

e-mail: ayagoz.zhanalyktary@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі.
Ақпарат комитеті 2021 жылы 4 ақпанда берген тіркеу куәлік № KZ44VPY00032023
Газет алтасына 1 рет шығады 2 А2 форматына (420x595 мм) теңестірілген 3 баспа табақ

Газет “Рекламный Дайджест” ЖШС баспаханасында басылды. 070002. Өскемен қ.,

Таралымы 1510 дана. Тапсырыс № 0249